Шөп шабу науқанында абай болайық!

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жаңашырлықпен қарап кезіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессең, он тал ек», -деген қағида баршамыздың парызы-мыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеуіл тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауылды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң–құстарға ықтасын пана болып, жейтін азық болатын естен шығармайық. Сондықтан орманды алқаптардың құрып кетіп, жоғалуына жол бермей, кезін жоюдан аулақ болайық.

Тойымсыздықпен, ашкөздікпен құртылған дүниенің орнына қайта келу көп жылдар еншісінде екені анық. Әсіресе орманымызды қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары бола-шағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының тағырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі–таза ауа екені баршамызға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап,ондағы есіп-өніп отырған әндардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз.

Ерболат Омарбеков,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші қорықшысы.

Орман қорын пайдалануда заңдылықты сақтайық!

Табиғат-жаратылыстан Алланың керемет өнер туындысының бірі. Оған дәлел күні бүгінге дейін азамат баласының тұмса табиғаттың терең сырын зерттеп, қызығушылығының басылмауында. Сондай бір ерекше ғаламат дүниесінің бірі - сексеуіл. Сексеуіл діңін мен бұтағы бұралып өсетін, шөлге төзімді, морт сынғыш, ағаш текстес өсімдік. Бір қарағанда жапырақсыз, қуарған бұл ағашты бұқараның бірі - білсе, бірі-білмес қасиеті мен тарихы сонау ертеден бастау алған. Халық игілігінде сексеуілді отын ретінде қажетіне жарату, жылу беретін шоғы маздап ұзақ уақыт сақталатынымен ерекшеленеді. Соңғы уақытта халық көп шоғырланған аймақтар мен елді мекендерде ағашты кесу, оны түп тамырымен қопару секілді залал келтіру нышандары кең етек алып отыр.

Сексеуілдің шөлейтті аймақтарда өсетін ағаштар секілді құм тоқтатудағы рөлі айрықша. Оны шамадан тыс кесу сусымалы құмның ұлғаюына және соның кесірінен болатын жалпы экологиялық зардаптарға әкеп соқтырады.

Таза ауа – адамзаттың тіршілік көзі болса, орман, жасыл желек–оттегінің қайнар бұлағы. Ауа тазалығына орманның пайдасы зор. Иә, табиғат – адамзаттың ежелден бергі тіршілік етіп келе жатқан ортасы. Сондықтан оны қорғау әрбір азаматтың қасиетті борышы. Ормандағы отын қорын рұқсатсыз пайдалануға болмайды.

Бақтыбек Қожақов,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

Орман қоры жерінде аң аулауға рұқсат жоқ

Бүгінгі күні жануарлардың белгілі бір түрлерін заңсыз атудың, аулаудың салдарынан құрып кету қаупі туындап отыр. Жануарлар дүниесі де биосфераның құрамдас бір бөлігі. Жануарлардың табиғатта және адам өмірінде маңызы зор. Олар табиғаттағы заттар мен энергия айналымында негізгі рөл атқарады.

Халық даналығында халқымыздың табиғатқа жанашырлық қасиетін өте көп нәрселерінен байқауға болады. Табиғатқа адам әрекетінің әсері ерекше. Адам табиғатта шаруашылықтың қай түрімен айналысса да өсімдіктер мен жануарларға әсер етпей қоймайды.

Заңсыз аң аулаушылар «Қызыл кітапқа» енген аң-құсты аулау кезінде олардың арнайы кітапқа енгенін, ерекше қорғауда екенін біле тұра аулайды. Қасақана табиғатқа залал келтіруге тырысады. Бас пайдасын көздейді. Тығылып аулап, жасырын сатады. Сондықтан олардың қасақана істелген әрекетіне сай, жаза да жеңіл болмауы керек.

Қорыта келе айтарым, ауданымыздағы орман алқаптарында болсын, басқа жерде болсын аң-құс атуға тыйым салынғанын еске саламын. Қолға түскен заңсыз аң атушылар қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын ескерткім келеді.

Нұрбол Шүкреков,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман күзетші-қорықшысы.

«№1 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ұжымы және кәсіподақ ұйымы колледждің өндірістік оқыту шебері Майғазиев Ерланға анасы

Ұлтай Мырзамбекқызының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«№1 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ұжымы және кәсіподақ ұйымы колледждің жатақхана кезекшісі Исламова Гүлнарға қайынатасы

Жарылқасын Ахайұлының

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

«№1 колледж» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының ұжымы және кәсіподақ ұйымы колледждің өндірістік оқыту шебері Анарбеков Мәлікке әкесі

Ерқосай Анарбекұлының

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Ата Заң-қаржылық күрделіліктің де, Мемлекеттік тұрақтылықтың да негізі!

Конституция-мемлекетіміздің саяси, құқықтық және экономикалық жүйесінің бас кепілі. Мемлекеттік қызметте, оның ішінде қазынашылық жүйесінде еңбек ететін әрбір маман үшін Ата Заңғақ құқықтық құжат емес, күнделікті қызметтің айнымас темірқазығы. Себебі, ел қазынасының бүтіндігі, бюджет қаражатының мақсатты әрі тиімді жұмсалуы тікелей заң үстемдігіне негізделген.

Конституцияның негізгі қағидаттарының бірі-мемлекеттің әлеуметтік міндеттемелерін толық орындауы және халықтың әл-ауқатын арттыру. Осы орайда, қазынашылық басқармасының атқаратын рөлі зор:

• Ашықтық пен заңдылық: Біздің басты міндетіміз-бюджеттік үдерістердің әрбір теңгесін заң шеңберінде бақылау, мемлекеттік сатып алулар мен төлемдердің тазалығын қамтамасыз ету.

•Әлеуметтік тұрақтылықты қолдау: Мектептердің, ауруханалардың, жол құрылысының және әлеуметтік төлемдердің уақытылы қаржыландырылуы-Ата Заңда бекітілген азаматтардың құқықтарын іске асырудың тікелей құралы.

•Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл: Қазынашылықтағы алдын ала және ағымдағы бақылау тетіктері мемлекеттік қаржының мақсатсыз жұмсалуына тосқауыл қояды.

2026 жылдың 1 шілдесінен бастап күшіне енген жаңа Конституция мемлекеттік басқару жүйесіне, соның ішінде қаржылық бақылау саласына да жаңа серпін әкелді. Президенттік мандаттың бір мерзіммен шектелуі және бір палаталы Парламент-Құрылтайдың жасақталуы билік пен халық арасындағы ашықтықты нығайтты.

Бұл реформалар қазынашылық органдарына да үлкен жауапкершілік жүктейді. Бюджеттің атқарылуы енді бұрынғыдан да ашық, цифрлы және қоғам бақылауына қолжетімді бола түсуде. Біз, мемлекеттік қызметшілер, меритократия мен кәсібилікті ту ете отырып, осы реформалардың алдыңғы шебінде болуымыз қажет.

Конституцияны құрметтеуөз Отаныңды, өз еліңді және оның болашағын құрметтеу. Қазынашылық басқармасы алдағы уақытта да мемлекеттің қаржылық қауіпсіздігі мен заң үстемдігін қорғау жолында аянбай еңбек ете береді. Әрбір бастамамыз да Ата Заңның асқақ қағидаттарымен үндесіп, еліміздің гүлденуіне қызмет етсін!

Э.Мамедалиева,
Созақ ауданды мемлекеттік қазынашылық басқарма басшысы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ақбастау» БҚ АҚ 30.11.2026 ж. сағат 16:00-да Созақ ауданы, Қаратау ауылдық округі, Ақсүмбе ауылы, Ақбикеш көшесі, 23-үй мекенжайында ««Ақбастау» БҚ АҚ -ның Созақ ауданында орналасқан «Құланды» кенішіне әсер етуге арналған экологиялық рұқсат алуға өтінім материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды.

Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары 44.452778; 67.548338

Белгіленіп отырған қызметтің бастама-шысы: «Ақбастау» БҚ АҚ , БСН 061140001176

Жобаны әзірлеуші: «Ag Agency» ЖШС, эл. пошта g_tastanova@mail.ru

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен, ал кейін қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасымен танысу үшін https://ndbecology.gov.kz және ЖАО "Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды басқармасы" ММ сайтында танысып өтуге болады.

Қосымша ақпаратты алу үшін телефон 87775023058, электрондық пошта g_tastanova@mail.ru

Өз ескертулері мен ұсыныстарын қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша "Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел 87253363845 Түркістан қ, Жаңа қала ш/а, 32-көше, 20, ММ «Түркістан облысы бойынша экология департаменті», Түкістан қ, Жаңа қала ш/а, 32 көше, 16 жіберуге болады.

Zoom Конференция сілтемесі https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09 конференция Идентификаторы: 616 540 8596 Кіру коды: 123456

ОБЪЯВЛЕНИЕ

АО "СП Акбастау" сообщает, что 30.11.2026 г. в 16.00 часов по адресу: Сузакский район, Каратауский с.о., с.Аксумбе, здание дома культуры, улица Акбикеш, 23 будут проводиться общественные слушания по материа-лам к заявке на получение экологического разрешения на воздействие для рудника "Куланды" АО "СП "Акбастау", расположенного в Сузакском районе. Территория воздействия: с. Аксумбе Сузакского района. Географические координаты участка и территории воздействия. 44.452778;67.548338

Инициатор намечаемой деятельности: АО "СП Акбастау", БИН 061140001176.

Разработчик экологической документации ТОО «Ag Agency», эл адрес g_tastanova@mail.ru

С материалами, выносимыми на обществен-ные слушания, с протоколом общественных слушаний, можно ознакомиться на портале https://ndbecology.gov.kz и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регули-рования природопользования Туркестанской области».

Дополнительную информацию можно получить по телефону: 87775023058, электронный адрес g_tastanova@mail.ru

Замечания и предложения по документам, выносимым на общественные слушания, можно направить ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природополь-зования Туркестанской области», a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 87253363845, г. Туркестан, мкр. Жана кала, улица 32,20, ГУ «Департамент экологии по Туркестанской области», г. Туркестан, мкр Жана кала, улица 32, 16.

ссылка на Zoom Конференция. https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09

Идентификатор конференции: 616 540 8596 Код доступа: 123456

«БЖЗҚ» АҚ-да зейнетақы жинақтарын басқарудың жаңа мүмкіндіктері тақырыбындағы ашық есік күні қалай өтті?

Түркістан облысы, Сауран ауданы, Шорнақ ауылы, М.Төмірбаев көшесі, 30-үйде 2026 жылғы 16 қыркүйекте «БЖЗҚ» АҚ Түркістан облыстық филиалының ұйымдастыруымен кезекті Ашық есік күні өткізілді. Іс-шара «Салымшылардың өз зейнетақы активтерін басқаруға қатысуы және инвестициялық портфельді басқарушылар туралы ақпаратты өз бетінше алуға болатын invest.enpf.kz порталы» тақырыбына арналды.

Кездесу қатысушыларына 2026 жылғы 7 қыркүйектен бастап қолданылатын Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне енгізілген, БЖЗҚ салымшыларының зейнетақы жинақтарын басқару бойынша стратегиялар мен портфельдерді өз бетінше таңдау құқықтарын едәуір кеңейтетін өзгерістер туралы толық ақпарат ұсынылды.

Осы өзгерістерге сәйкес салымшылар өз жинақтарының 100%-ына дейін инвестициялық портфельді басқарушыларға (ИПБ) сенімгерлік басқаруға бере алады. Жаңа мүмкіндіктердің жинақтарды басқарудың ұзақ мерзімді кірістілігін арттыруға бағытталғаны, бұл ретте ең қолайлы инвестициялық стратегиясы мен кірістілік тарихы бар ИПБ-ны таңдау мүмкіндігі берілетіні түсіндірілді.

«Созақ үні»-ақпарат.